

**Бақыт ӘБЖЕТ**

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан (bakyt.abzhet@ayu.edu.kz)  
<https://orcid.org/0000-0001-6795-045>

**МАССАГЕТ, КАСПИЙ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ САЛТТЫҚ ҒҰРЫПТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДАН ЕРТЕГІГЕ АУЫСҚАН СЮЖЕТТЕР\***

**Аңдатпа:** Автор өз мақаласында ерте дәуірлерде өмір сүрген арий, сак, массагет, каспий секілді көшпелі тайпалардың тұрмыс-тіршілігі, салттық ғұрыптары мен діни түсініктері және соның негізінде дүниеге келген кейбір аңыз, ертегілердің шығу себептеріне тоқталады. Тәжік, парсы және қазақ ертегілерінде сақталған мотивтер, тарихи оқиғалар мен салттық ерекшеліктерге қатысты ертегі жанрында көрініс тапқан кейбір көне сюжеттер мен оқыс оқиғалар желісінің ертегіге арқау болатын себептерін ғылыми негізде дәлелдеп өтеді. Көшпелі солтүстік тайпалар мен отырықшы оңтүстік халықтардың бір-бірімен тығыз араласуы, өзара байланысы мен арада болған түрлі оқиғалардың салдарынан дүниеге келген түрлі халықтардың мифтік түсініктері мен діни ұғымдарының араласуы салдарынан көптеген ұқсас персонаждардың пайда болуының сырына үңіле қарайды. Зерттеу барысында антика дәуіріндегі грек ғұламаларының еңбектері мен шығыстану саласында арнайы зерттеулер жүргізген ғалымдардың, сонымен қатар тіл тарихына қатысты шетелдік ғалымдардың еңбектері негізге алынды. Фольклордағы мифтік ұғымдардың шығу төркінін анықтауда теология, тарих, фольклор, антропология секілді гуманитарлық бағыттағы қолданылатын тарихилық, ұлттық танымдық логикаға қатысты методологиялық зерттеу тәсілдері қолданылды.

**Кілт сөздер:** Каспий, сак, скиф, Дарий, Геродот, Страбон, ертегі, миф, зороастризм

---

\* Келген күні: 9 маусым 2023 ж. – Қабылданған күні: 11 қыркүйек 2023 ж.

Geliş Tarihi: 9 Haziran 2023 – Kabul Tarihi: 11 Eylül 2023

Date of Arrival: 9 June 2023 – Date of Acceptance: 11 September 2023

Поступило в редакцию: 9 июня 2023 г. – Принято в номер: 11 сентября 2023 г.

DOI: 10.59358/ayt.1312127



**Bakyt ABZHET**

Candidate of philological sciences, associate professor, Khoja Ahmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan (bakyt.abzhet@ayu.edu.kz)  
<https://orcid.org/0000-0001-6795-045>

**RITUAL CEREMONIES OF THE MASSAGETAE, CASPIAN TRIBES AND THEIR STORIES, TURNED INTO FAIRY TALES**

**Abstract:** In his article, the author focuses on the way of life, rituals, and religious ideas that lived in ancient times of nomadic tribes, such as the Aryans, Saks, Massagetae, Caspians, as well as on the reasons for the emergence of some legends and fairy tales based on them. A scientific substantiation of the motifs preserved in Tajik, Persian and Kazakh fairy tales, historical events and features of various rituals, some ancient plots and events reflected in such a genre as fairy tales is given. Next, the hidden reasons for the emergence of many similar characters are considered due to the close interaction of nomadic northern tribes and sedentary southern peoples, their interrelations, the mixing of mythical concepts and religious ideas of different peoples generated by various processes and events. In the course of the study, the works of Greek scientists of the ancient era and Orientalists who conducted special research in the field of Oriental studies were taken as a basis, and the works of foreign scientists related to the history of language were also analyzed. When determining the origin of mythical concepts in folklore, research methods related to historicity and national cognitive logic were used, which are used in such humanitarian areas as theology, history, folklore, and anthropology.

**Keywords:** Caspian Sea, Saks, Scythians, Darius, Herodotus, Strabo, fairy tale, myth, Zoroastrianism

**Кіріспе**

Қазіргі кезде екі халық арасындағы байланысты салыстыра зерттеген кезде олардың дүниетанымы, діни нанымы мен салт-дәстүріне де мән бере қараған жөн. Байырғы кезде өмір сүрген түрлі тайпалардың этникалық ерекшелігін анықтауда олардың тұрмыстық ерекшелігі, этнографиясы, салттық әдет-ғұрыптарын жіті назарға алудың маңыздылығы зор. Киіз үйде жасап, мал шаруашылығымен айналысқан ежелгі солтүстік тайпалардың наным-сенімі, тұрмыстық бұйымдары мен негізгі тұтынған тағам түрлерін зерттеген кезде олардың кейінгі түрік халықтарының дәстүріне жақын келетіні бірден көзге түседі. Сонымен қатар массагет, сақ, каспий секілді халықтардың космогониялық

*ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ӘДЕБИЕТІНДЕ ЛАҚАП ЕСІМДЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ БЕРІЛУ СИПАТЫ*

мифтері мен діни сенімдері жайлы антика дәуірінде жазылған еңбектерді оқи отырып бұл халықтар мен кейінгі сол жерлерде өмір сүретін кейінгі халықтардың жадында сақталған көптеген мифтік түсініктер мен алғашқы құдайлар жайлы ертегілерде сақталған персонаждар арасында ұқсастықтар, параллельдер жиі ұшырасып отырады. Жалпы ертегі жанры бұрынғы өткен және бүгінде ұмыт боп қалған көптеген салттық дәстүрлерді, байырғы наным-сенімдерді өзінде сақтап қалу қасиетімен ерекшеленеді. Фольклорда бұрынғы наным-сенімдер халық тұрмысынан ұмыт болғанымен параллельді түрде оның жадында жаңғырып отыратындығы дәлелденген. Мифтік түсініктер өз қасиетінен айрылып, киелі қасиетін жоғалтқан соң ертегі жанрына ауысып кетеді. Мысалы көл иесі, шөл иесі болып есептелетін дәу секілді мифтегі құдайлар өз күшінен айрылған соң алдымен қиял-ғажайып ертегіде бас қаһарманмен алысып жеңіліп жүретін шөл иесі, даладағы қамалдың иесі сипатында келсе, кейін салт ертегідегі тазша баладан, қаңбақ шалдан таяқ жеп жүретін дүлей қара күш иесі, алайда өзінен әлсіз алайда ақылды шал не балаға алданып қалатын күлкілі персонажға айналып отырады. Одан бөлек екі елдің фольклорында ұшырасып отыратын ортақ персонаждар бар. Ежелден тығыз байланыста болған Тұран және Иран мәдениетіне ортақ ертегілік персонаждарды бөліп алып бір халыққа телу өте қиын. Дегенмен сол кезде өмір сүрген тайпалардың отырықшы және көшпелі салттық ерекшеліктеріне қарап кейбір ертегілік персонаждардың қай халыққа табиғаты жақын екендігін пайымдауға болады. Зерттеу жұмысының негізі де осындай ерекшеліктерге зер сала отырып, оның табиғатын түсінуге негізделген.

### **Тақырыпты талдаудың мақсаты мен міндеттері**

Ұлы Даланы мекен еткен ежелгі сақ, массагет, сармат, каспий секілді халықтардың тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімі, негізгі кәсібі мен тағам түрлері жайында Антика дәуірінің тарихшылары Геродот, Страбон, Гиппократ т.б көптеген авторлар өздерінің арттарына өлмес мұра қалдырып кетті. Түрлі халықтардың географиялық орналасу аймағын сипаттаумен қатар сол халықтардың тұрмыс-тіршіліктерін де баяндап отырған. Солтүстікте өмір сүретін көшпелі тайпалардың суыққа төтеп беру үшін ұдайы ет жеп, сүт ішетіндігіне шейін хатқа түсірген. Көшпелі қазақ, қырғыз секілді халықтардың тағамдары мен сол дәуірдегі көшпелі тайпалардың тағамдары арасында ұқсастықтар көп әрі ғасырлар бойы еш өзгеріссіз қалып отырғаны байқалады. Олардың сол дәуірлерде табынған күн құдайы, дәу, жылан секілді киелі ұғымдары уақыт өте кейінгі діндердің салдарынан өзгеріске түскенімен параллельді түрде фольклорлық жанрларда сақталып отырған. Зерттеудің негізгі міндеті

осы көне наным-сенім негізінде миф пен ертегі жанларында сақталып қалған көне сюжеттер мен мотивтерді зерттеу болып табылады.

## **Зерттеудің ғылыми әдіснамасы**

Зерттеу барысында алға қойылған міндеттерді орындау барысында бұл тақырыпқа қатысты түркілік этномәдени зерттеулерді сараптау, салыстыру, тарихи-генезис, типологиялық салыстыру, жүйелеу әдістері теориялық тұрғыдан қарастырылды.

## **Зерттеу нәтижелері мен талқылаулары**

Әр халықтың өзіндік ерекшелігі, салт-дәстүрі мен болмысы сол өзі тұрып жатқан жердің ерекшелігіне қарай, геосаяси ахуалдарына қарай қалыптасады. Солтүстікті мекендеген тайпалар ауа райының суықтығына байланысты мал шаруашылығымен айналысқан. Табиғаттың ыңғайына қарай көшіп қонып жүріп мал өсірудің тиімді әдісін игерумен болған. Жаз жайлауда солтүстікке қарай малды өріске айдап, кейін қысқа қарай оңтүстікке, жылы жақты бетке алып көшіп келетін болған. Осындай көшпелі өмір түркі халықтарын отырықшы халықтармен етене араласуына жол ашты. Ерте дәуірлерден бастап халықтың басынан өткен түрлі тарихи оқиғалар мен өзге елден ауысқан діни сенімдер, түрлі оқиғалардың ізі уақыт өте келе фольклорлық мұраларда әсіресе ертегілерде көрініс тауып қалатыны бар.

Тарих беттерін парақтай отырып, екі ел арасында болған үлкенді-кішілі соғыстардың, ірі-ірі тарихи оқиғалардың желісі ел жадынан ұмытылып біржола жойылып кетпей, аңыз, ертегі ретінде халықтық фольклорда із қалдырғандарын да көруге болады. Әрине, толық күйінде емес, кезінде болып өткен, халық жадында ерекше сақталған оқиғалар кейін халық шығармашылығына айналып кетеді, не ертегі, не аңыз күйінде ауыздан-ауызға айтылып жүреді. Антика дәуірінде өмір сүрген Геродот, Страбон секілді тарихшылардың еңбектерін оқып отырғанда Азия жерін мекендеген көшпелі тайпалардың сол кездегі наным-сенімдері мен діни түсініктердің біразы қазіргі ертегілерде көрініс тауып қалғандығы байқалады. Демек, ертегінің бәрі бірдей ойдан шығарылған қияли дүниелер емес, бұрынғы ата-бабалардың мифтік түсінігі, діни сенімінің өзгеріске түсіп ертегіге айналған үлгісі екенін көруге болады.

Кейбір ертегілерді оқып отырған кезде оның тарихи оқиғаларға жақын келетін тұстарын да байқауға болады. Әрине, ертегі ешуақытта өмірде болған шынайы оқиғаның көшірмесі болған емес, ондай міндетті ертегі өз міндетіне де алмайды. Керісінше батырлық жырларда болған оқиғаның ізі, немесе сол дәуірдегі адам аттары сақталып қалады. Ол турасында орыс ғалымы П.А.Трояков мынадай тұжырымға келеді:

*ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ӘДЕБИЕТІНДЕ ЛАҚАП ЕСІМДЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ БЕРІЛУ СИПАТЫ*

«Такое историко-генетическое исследование волшебной сказки, точнее – взаимосвязанное изучение сказки и обряда, - нашло наиболее яркое и плодотворное осуществление в работе В.Я.Проппа «Исторические корни волшебной сказки». Ученый раскрыл общие закономерности формирования сказочных сюжетов и мотивов в их первичных модификациях, а во многих случаях и характер художественной трансформации бытовых и социальных явлений в соответствующих компонентах сказки. Путем всестороннего сравнения основного каркаса, мотивов и сюжетов сказки с обрядами и социальными институтами ученый разработал методику такого анализ сказок. Широко примененный принцип этнографизма позволил В.Я.Проппу по-новому раскрыть социальную сторону развития сказочного эпоса и наметить широкую перспективу подхода к явлениям фольклора вообще. Именно на основе этого анализа ученый пришел к общему заключению о том, что «композиционное единство сказки кроется не в каких-нибудь особенностях человеческой психики, не в особенности художественного творчества, оно кроется в исторической реальности прошлого»(Трояков, 1977: 136).

Белгілі бір тарихи оқиғалар халықтың жадында қалып қойып, кейін уақыт өте келе оқиға желісі ауыздан ауызға тарап аңызға айналады. Оған түрлі эпизодтар мен мотивтер жамалып, бұрынғы өткен оқиғасының көнеруіне байланысты аңыз түрінде тараған оқиға басқа арнаға ауысады, келе-келе ертегіге айналып кетеді. Мифтік әңгімелерден бөлек тарихи оқиғалардан ертегілерге айналатын жәйттер де ұшырасады. Ал, ертегі халықтың жадында әбден ескіріп, шындықтан алшақтаған, бұрынғы мифтік әңгімелердің желісі халықтың сенімінен шыққан, сөйтіп ертегі жанрына ойысқан сарындар ғана ертегілік топты құрай бастайды. Ол турасында белгілі фольклорист-ғалым, академик С.Қасқабасов былай деп жазады: «Әдетте, біз ертегіні ойдан шығарылған әңгіме дейміз. Расында да солай ма? Жоқ. Ертегі жанры, өз-өзінен немесе ойдан тумаған. Оның негізін қалаған көне прозалық жанрлар алғашқы қауымдық қоғамның түсініктері мен салтын, әдет-ғұрпын, яғни сол заманның шындығын өзінше бейнелеген. Демек, ертегідегі бізге қиял-ғажайып болып көрінетін кейбір нәрселер – бір кездегі болмыстың, құбылыстың сәулелері. Бұл айтылғанға қоса мынаны да ескеру керек: ертегінің пайда болып, қалыптасуының алғашқы кездерінде ел оны қиял деп ойламаған, онда баяндалатын оқиғаға сенген, себебі ол шақта ертегі өз төркінінен алыс кете қоймаған, сондықтан көркемдік қызмет те атқармаған» (Қасқабасов, 1984: 184).

Антика дәуіріндегі авторлардың еңбегін оқып отырған кезде сақ, массагет, каспий тайпаларының өзіне тән салттық ғұрыптарының уақыт өте келе ертегіге ауысқанын байқауға болады. Мысалы Геродоттың «Тарих» деп аталған еңбегін оқи отырып, скифтер мен парсылардың арасында болған мынадай оқиғаны сипаттаған кезінде қызықты бір оқиғаға тап болдық. Енді сол оқиғаның үзіндісін баяндап өтелік: «129. Теперь я расскажу о весьма удивительном явлении, которое благоприятствовало персам и мешало скифам при их нападениях на стан Дария, именно: о реве ослов и о виде мулов. Ведь, как я уже раньше заметил, во всей Скифской земле из-за холодов вообще не водятся ослы и мулы. Поэтому-то ослиный рев приводил в смятение скифскую конницу. Не редко во время нападения на персов скифские кони, заслышав ослиный рев, в испуге повараживали назад: в изумлений они поднимали уши, так никогда прежде не слыхивали таких звуков и не виделивали подобной породы животных. Впрочем, это обстоятельство лишь короткое время помогало персам на войне» (Геродот, 2004: 249).

Табиғаты қатал, климаты суық боп келетін скиф даласында есек, қашыр сияқты хайуандар өмір сүрмеген. Скифтер ондай хайуанды көрмегендіктен өздері де астындағы аттарының да тосырқап қалуы заңдылық. Скифтердің шабуылын уақытша болса да тоқтатуға септігін тигізген есектің ақырған зор даусы уақыт өте келе халықтың жадында сақталып қалғанға ұқсайды. Осы оқиға кейінірек тәжік халқында ертегі ретінде сақталған. Ол ертегінің аты «Есек - әлемді бағындырушы» деп аталады. («Осел – покаритель мира»). Ертегінің қысқаша мазмұны мынадай: «Бір кедей адам өмір сүріпті, оның не жері, не үйі болмапты тек жалғыз кәрі есегі ғана болыпты. Өлгі кедей көрші елде есектің жоқтығын, ондай хайуанды ешкім білмейтіндігін естиді. «Ендеше сол елді іздеп табайын, мүмкін менің есегімді біреу-міреу сатып алар» деп ойлапты да, сол елді іздеп табады. Қалаға кіріп келгенде есектің тұр-тұрпатынан шошыған қала жұрты үрейленіп, жан-жаққа бытырай қашады. Оны сарайдың терезесінен қарап тұрған патша да есекті көреді. Есек тыныш тұрмай ақырғанда бұрын мұндайды естімеген қала жұртының үрейі ұшады. Есек ақырып болып, тынышталған соң халық келіп оның иесінен «бұл қандай мақұлық» деп сұрайды. «Бұл - әлемді бағындырушы» деп жауап береді кедей. Мұны патша да тындап тұрады. Бұл әңгімені сарайдағылар патшаға жеткізеді, патша кедейді өзіне шақырып алып «әлемді бағындырушы» мақұлықты саудаласып, есек қанша салмақ тұрса, сонша алтын мен күміске сатып алады. Құлығын асырған кедей алтынды екі атқа теңдеп артып жөніне кетеді.

Есектің даңқы көрші мемлекеттерге жайылады. Көрші патша есек әлі жем жеп күшеймей тұрғанда соғыс ашуды ойлайды. Қаланы келіп қоршаған тұста жабық қорада арпа мен сұлы жеп әбден зерігіп тұрған есекті қаладан сыртқа шығарып жібереді. Қала сыртына шыққан есек жерге аунап, даладағы көк шөптің молдығын көріп қуанғанынан жерге тағы да аунап, үсті-үстіне ақырады. Мұндай дауысты естімеген жау аттары сескеніп, артқа қарай тұра қашады. Есектің даусынан үрейленген жау әскерінің берекеті кетеді. Осылайша есектің арқасында жеңіске жетеді. Есекке риза болған патша неше түрлі жем беріп бағу туралы әмір етеді. Бұрын мұндай дәмді жемді бұрын жеп көрмеген сорлы кәрі есек күпті болып жарылып өледі»(Таджикские народные сказки, 1957: 304-306).

Скифтер мен Дарий патша арасында болған соғыс кезіндегі осындай оқиғалар уақыт өте келе тәжік халқының жадында сақталып қалғанын көруге болады. Скифтер мен парсылар арасында болған ұрыстар, Кир мен Дарий патша тұсындағы соғыстардың салдары халық жадынан ұмытылмай сақталып қалған болуы да ықтимал. Ұмытылған күннің өзінде адам есінде жақсы қалатын, естіген адамды күлкіге шақыратын әлгіндей оқиғалар кейін сатиралық ертегілердің оқиғасына арқау болуы, сөйтіп ел ішінде кеңінен таралуы да мүмкін ғой. Оның үстіне есектің арқасында жеңіске жету оқиғасы басқа халықтарда емес, парсы-тәжік халықтарының ертегілерінде сақталуының өзі, сол Дарий патшаның скифтермен арадағы болған оқиғадан келіп шыққандығынан хабар беретіндей. Себебі соғыс кезінде скиф тайпаларының бұрын-сонды не қашыр, не есекті көрмегендігі, олардың астындағы аттарының есектің ақырғанынан үркектеп, алға қарай баспай қоюы, осы жәйттердің барлығы парсы әскерінің күлкісін тудырғандығы анық. Осылайша жаудан беті қайтпайтын скифтердің қаптаған қалың жау қолынан емес, құлағы салпиған есектің ақырған даусынан үркіп тоқтап қалуы парсылар арасында тосын оқиға ретінде сақталып, кейін әзіл әңгімеге желеу болған.

Кейбір тарихи оқиғалар не белгілі бір патшаның жүргізген соғыс тактикаларына қатысты ел ішіне аңыз боп тарайтын оқиғалар тарихта жиі боп тұрады. Бұл айтқандарымыз эпсана-хикаяттың табиғатына жақын келеді. Қазақтың халық прозасын жанрлық негізге бөліп зерттеген белгілі ғалым С.Қасқабасовтың еңбегіне сүйене отырып, осыған көз жеткіземіз: «Бұлардан кейінгі ретте жай әңгіме мен таза аңыздар тұрмақ. Олардың негізгі мазмұны – дені өмірден алынған, не өмірде болған жәйттер болып келеді.

Содан кейін эпсана-хикаят болуға тиіс. Себебі алдында айтылған жай әңгіме мен аңыз бірте-бірте хикаятқа айналады, мұнда алғашқы реальды оқиға көмескіленіп, қиял араласып, шығарма көркемделе бастайды... Мысалы, аңыздық прозаның шығып, даму жолын былай да қарастыруға болар еді. Алғашқы рулық замандағы бір адам (батыр, мерген) анда немесе жорықта жүріп өзінің басынан кешкен бір оқиғаны руластарына айтып беруі мүмкін. Бұл жай әңгіме. Оны естіген адамдар енді басқа біреулерге айтады, айтқанда өз жанынан қосуы да мүмкін. Ал, одан естіген кісі тағы біреуге айтады, ол да өзінше баяндайды. Сөйтіп, алғашқы жай әңгіме хикаяға, бірте-бірте аңызға айналады. Біраз уақыт өткен соң ол аңыз біршама көркемделіп эпсана-хикаятқа айналуы мүмкін. Міне, бұл өмір шындығына тікелей қатысы бар жанрлардың даму жолы. Және бұл жанрлар бір ғана дәуірде, бір ғана қоғамда тұмайды. Олар адамзат тарихының барлық кезеңінде туып отырады» (Қасқабасов, 1984: 63).

Жай әңгіменің хикаяға, одан ертегіге айналу барысындағы өту кезеңдерінде үсті-үстіне қиял қосылып отырғандығын көреміз. Болмаса ертегідегі бір кедейдің бүкіл елді алдауы, ол өтірікке сенген тағы бір патшаның есек үшін басқа елге соғыс ашуы секілді іс-әрекеттер қисынға келмейді. Әрі сенімсіз әрі логикаға сыймайтын бұндай жәйттер естіген тыңдаушыға тек эстетикалық ләззат беру үшін ғана қолданылып тұр. Бұл штрихтар естіген жанға оқыс әсер етіп, күлкі туғызады. Сондықтан әңгіме көркемдікке негізделіп, ақыры ертегіге айналғандығын көреміз. Скиф, сак, тұрандықтар мен ғұндар ежелгі түркі халықтарының ата-бабалары болған десек, сол кезеңдерден атадан-балаға қалған аңыздар мен әңгімелер әлі де жазба және ауызша деректерде ұшырасып отырады, сол аңыздарды салыстыра отырып кейбір жәйттердің тарихына да баруға болатын секілді.

Қоғамның ілгері дамуына байланысты фольклор да өз арнасымен дамып отырады. Ескі түсініктердің үстіне жаңа ұғымдар да жамалады. Алайда, олардың барлығы да қатар жүре береді. Көмескі тартқанымен мүлде жойылып кетпейді, параллельді түрде аралас күйде сақталып қалады. Бұл жәйттер әсіресе, ертегі жанрында жақсы сақталып қалған. Қиял-ғажайып ертегілерді оқып отырғанымызда онда мифтік ұғымдармен қатар діни кейіпкерлер де, тіпті кейінгі дәуірдің жаңалықтарының да орын алғандығын пайымдауға болады. Ертегілердегі өзгерістер жайында фольклортанушы ғалым, профессор С.Садырбаев былай деп жазады: «Таңғажайып ертегілердің көпшілігі экономикалық жағдайлардың төменгі сатысында, яғни халықтың сана-сезімінің балаң кезінде пайда болғандығы белгілі, сөйтсе де ол бір ғана



*ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ӘДЕБИЕТІНДЕ ЛАҚАП ЕСІМДЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ БЕРІЛУ СИПАТЫ*

дәуірдің салт-санасының шеңберінде томаға-тұйық бір нүктеде тұрып қалмаған, тарихи-әлеуметтік жағдайдың өзгеруіне сәйкес сан түрлі өзгерістерге ұшырап отырған. Сол себепті қиял-ғажайып ертектердің сюжеттерінде өте алыс заман айғақтары да, бертіндегі жаңалықтарда араласа келеді» (Садырбайұлы, 1996: 47).

Қазіргі Қазақстанның солтүстігі мен шығысы, Алтай, Сібір аймақтарда негізінен аңшылық пен мал шаруашылығы дамыған. Мал шаруашылығының бұл бағытта дамуы да бір жағы қатаң климатта табиғатпен бейімдесіп өмір сүрудің негізгі түріне жатады. Суыққа шыдамды жылқы мен бұғы шаруашылығының солтүстікте дамуы әрі жылқы еті мен оның сүтін ішу солтүстікте өмір сүретін халықтардың негізгі күнкөріс белгісі болып қала береді. Жаз мезгілінде күн қатты ыстық болатын оңтүстік аймақтарда жылқының етін жеу көптеген ауру туғызатын болғандықтан, солтүстіктен оңтүстікке көшкен оғыз тайпалары уақыт өте келе бұдан бас тартуға мәжбүр болған.

Страбон өзінің «География» атты кітабында Дон өзені бойында көшіп-қонып жүрген көшпелілер жайлы және олардың өмір сүру ерекшелігі турасында мынадай дерек келтіреді: «2. Танайстың сағасын біз білеміз (олардың екеуі Меотиданың солтүстік бөлігінде, арасы 60 стадияда орналасқан); бірақ сағаның жоғары жағында ағыстың азғандай бөлігінде тұратын жергілікті тұрғындар суық пен кедейлікке шыдау үшін, көшпенділердің дәстүрі секілді ет пен сүтпен қоректеніп күн көреді, бірақ өзге жердегі тұрғындар бұған шыдай алмайды. Сонымен қатар, өзге ұлттармен араласпаған, саны мен күш-қуаты басым көшпенділер елдегі барлық жеңіл өтетін жерлер мен өзеннің кеме жүретін жерлеріне жолды бөгеп тастаған» (Страбон, 1964: 468).

Скифтердің даласында ұдайы ұлпа қар жауып тұратындығы жайлы Страбон да жазып қалтырған: «Скифтердің сөзіне қарағанда, ауада қаптап ұшып жүретін ұлпа қауырсындар туралы, соның салдарынан таяқтастам жердегіні көруге де, ілгері қарай жүруге де болмайды-мыс деген әңгімеге келетін болсақ, менің өз ойым мынадай: Скиф жерінен солтүстікке қарай ұдайы дерлік қар жауып тұрады: жаздыгүні, әрине, қыстағыға қарағанда аздау жауады. Сөйтіп жапалақтап жауған қалың қарды көрген қандай адам болса да, менің айтқандарымды бірден түсіне қояды: өйткені ұлпа қауырсын деп отырғанымыз жапалақтап жауған қарға қатты ұқсайды. Жарық дүниенің ол жақ бөлігіндегі солтүстік аймақта қыстыгүні қақаған қатты аяз көп болғандықтан адамдар қоныстанбаған. Сонымен, менің пайымдауымша, скифтер мен олардың көршілерінің ұлпа қауырсын деп жүргені кәдімгі

жапалақтап жауатын қардан өзге еш нәрсе де емес» (Ежелгі дүниедегі және византиялық дереккөздеріндегі Ұлы Дала тарихы, 2007: 63).

Мал шаруашылығы дамыған қазіргі Қазақстан мен Орталық Азия жерінде өмір сүрген сақ, сармат, массагет, каспий секілді көшпелі тайпалардың өмір сүру салты бір-біріне ұқсас болған. Көшпелі түркі тайпаларының өмір сүру салты ғасырлар бойына өзгеріске түсе қоймағандығын көреміз. «Рим саяхатшыларының соңғы мың жылдың алды-артында біздің далаға жолаушылап келген Византия, араб, иран т.б. елдері саяхатшыларының қалдырған жазуларына қарасақ, бұрынғы сақ, массагет, ғұн, сармат аталатын көшпелілердің тұрмыс ерекшелігінен қазақтардың байырғы тұрмыс айырмашылығы өте аз болғандығы байқалады» (Қабышұлы, 2007: 11).

Страбон Каспий теңізі бойында өмір сүретін көшпелі каспий тайпаларының әдет-ғұрыптары жайында "Ең батыл деп танылған ер адам өзі қалаған әйелге үйлене алады. Каспийлер 70 жастан асқан адамдарды аштықпен өлтіреді және олардың мәйіттерін шөлді жерлерге апарып тастайды, содан кейін оларды алыстан бақылап тұрады: егер олар құстардың мәйіттерді зембілден сүйреп апара жатқанын көрсе, онда құсқа жем болған мәйіттің жаны қасиетті жұмаққа кетті деп санайды, егер мәйітті жабайы аңдар мен иттер кеп иіскеп жей бастаса жартылай қасиетті: егер мәйіттерді ешбір ит-құс сүйремесе, оларды қасиетсіз деп санайды» (Страбон, 1964: 491) деген дерек келтірген:

Демек, Каспий тайпаларында кәрі әке-шешесін елден жырақтап, шөл далаға апарып өлтіру дәстүрі болған. Ондай адамдар қоғамға қажетсіз әрі оларды асырау тиімсіз деп есептелген болса керек. Бұл түсінік уақыт өте келе жойылғанымен ертегі жанрында сақталып қалған. Қазақтарда «Алпысқа келгеннен ақыл сұра» деп аталатын ертегі бар. Осы ертегінің желісі каспий тайпаларының бұрынғы салтына ұқсап кетеді. Ертегінің жалпы желісі мынадай: «Бұрынғы өткен заманда бір хан өзінің қол астындағы халқына жар салады. Бүкіл халық жыйналған соң, хан:

– Кімде-кімнің әкесінің жасы алпыстан асқан болса, ол шалды далаға алып барып тастау керек. Жасы алпыстан асқан шалдың не керегі бар. Оның қолынан іс келмейді. Үйде жатып, тапқан-таянғандарыңды ішіп-жегеннен басқа оның бітірер ісі жоқ. Солай болған соң шалдарды құртындар! Ал, мұны қабыл алмағандардың басын аламын! – дейді.

Хан жарлығы екі бола ма? Жаңағы сөзді естіген халық: «Шал әкемізді аман алып қаламыз деп жүргенімізде, өзіміздің басымыз алынып қалар, ханның дегені-ақ болсын», – дейді. Ханның үкімі жүзеге асырылып, көп замандар бойы жұртқа міндетті заң болады. Жасы

*ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ӘДЕБИЕТІНДЕ ЛАҚАП ЕСІМДЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ БЕРІЛУ СИПАТЫ*

алпысқа келгенше шалдар өз ажалынан өлсе, өледі, өлмесе, елсіз жерге апарып тасталып, амалсыз өледі. Бірқатары шалдарды таудың жағасындағы дарияға тастап өлтіретін болған»(Бабалар сөзі, 2011: 241).

Ертегіде шалдарды дарияға тастап өлтіру сәті де сақталған. Демек, дарияның не теңіздің жағасында тұратын халықтар арасында пайда болғандығын көруге болады. Каспий тайпаларының бұрынғы әдет-ғұрпы кейін жаңа дін кірген соң ескіріп, ұмытыла бастаған. Каспий теңізінің жағасында өмір сүрген сол секілді тайпалар кейін қазақ халқының құрамына сіңген. Бұрынғы сенімге құрылған байырғы мифтік түсінігі кейін қазақ ертегілерінің қорын толықтырғанын көреміз. Ертегілерді қарап отырғанда бұрынғы ата-бабалардың ұстанған салттық дәстүрлері уақыт өте келе өзгеріске ұшырап отырғанымен, бұрынғы жойылып кеткен көне дәстүрлердің санада жаңғырып, ертегі жанрын толықтырғанын көреміз. Зороастризм діні келгенге дейін көптеген тайпалардың құдай туралы ұғымдары ұқсас болған. Тұран және Иран халықтарының байырғы мифтік түсініктері бір-біріне жақын болғандығын көрсетеді. Зороастризм дінінің бір мемлекетте орнығуы бұрыннан тығыз байланыста болған кейбір көршілес тайпаларды екіге бөлінгенін байқатады. Тұран және Иран атауының шығу тарихы жайлы Л.Гумилев мынадай пікір айтады: «Новую веру приняли далеко не все. Даже в Иране она возобладала не сразу. Но все арийцы, которые сохранили верность древним богам, стали туранцами, а сторонники Заратустры – иранцами. Так совершилось разделения на Иран и Туран. Персидские цари покровительствовали учению Зоратусры в Туране, под которым понималась Средняя Азия и современный Афганистан, почитали не Ормузда, а дэвов» (Гумилев, 1993: 58).

Біздің дәуірімізге дейінгі II-мың жыл бұрын Ұлы Дала мен Орта Азия жерінен қазіргі Иран жеріне ауа көшкен арий тайпаларының түсінігі кейін жергілікті парсы халықтарымен араласып кетті. Кезінде Ұлы Дала мен Орта Азия жерін мекендеген түрлі көшпелі тайпалардың мезгіл-мезгіл оңтүстікке қоныс аударуы сол жақтағы мәдениетті қабылдауына әсер етті. Солтүстік пен оңтүстік халықтарының араласуы салдарынан зороастризм секілді абсолюттік құдайды дәріптейтін ірі діндер дүниеге келген. Ендігі кезекте діндерді жазып тарату, діни философия алдыңғы орынға шыға бастады. Әлемнің жаратылысы жайлы айтылатын мифтік ұғымдарды антика дәуірінің ғұламалары пәлсапалық сипатта талқылауға көшті.

Дәу, дию, жер асты жыландар елі секілді ұғымдар ертеректе арий, сақ, ғұн тайпаларына тән сенім болғанға ұқсайды. Бұл наным-сенімдер

кейін зороастризм діні үстемдік құрған тұста зұлымдық иелері сипатында көрініс тауып қалған.

Таяу шығыстағы жазу мәдениетінің дамуы адамзат баласына түбегейлі өзгеріс алып келді. Жазба әдебиетінің дами бастауы көрші тайпалардың да мәдениетіне оң әсерін тигізе бастады. Түркі халықтарының руникалық жазу үлгісі де ұйғыр жазуы да бастауын сол жақтан алады. Түркі халықтары мен ежелгі шумер мәдениеті арасындағы байланыстың тамыры тым тереңде жатқанын көруге болады. Шумер тілдеріндегі түркі тіліндегі паралельді ұқсастықтар жайлы терең зерттеген О.Сүлейменов екі халық арасындағы тілдік ұқсастықтарды өзінің «Аз и Я» кітабында дәлелдеп көрсетеді. Оғыз тайпалары сол кезеңдерде де оңтүстікке оқтын-оқтын шабуылға шығып, миграциялық толқындардың болғандығы туралы деректер ұшырасады. Сол кезде құрылған Мидия патшалығы жайлы мынадай дерек келтіреді: «...В VII веке до н.э. ассирийские хроники отмечают нашествие кочевников, которые прошли из Северо-Каспийских степей по западному берегу Каспийского моря (через Дербентский проход). Вел их вождь Испака, самоназванием их было – ишгуз (варианты – ишкуза, ашгуза).

Ассирийское государства ожидает все силы зятяжной борьбе за сохранение и укрепление своей гегемонии над южными соседями – Вавилоном, Сидоном, Египтом. Эта нелегкая задача еще более усложняется возрошсей активностью народов, населявших восточные окраины монархии. Здесь в 70-х годах VII века до н.э. происходит мощное восстание мидийских и других племен, вступивших в союзе с царством Манна в результате образовалось царства Мидия – новый, могущественный враг Ассирии» (Сулейменов, 1989: 563).

Каспий жағасында өмір сүрген дай тайпалары туралы, олардың наным-сенімдері жайлы да антика дәуірінің ғұламаларының жазбаларында қызықты деректер сақталғандығына тоқталдық. Каспий теңізінің жағасында көшіп-қонып жүрген көшпелі скиф тайпалары оңтүстіктегі мемлекеттерге Дербент асуы арқылы өтіп шабуылдап тұрған. Демек, көшпелі халықтар да сол кездегі отырықшы халықтармен тығыз қарым-қатынаста болғандығын, қолында бар малын егіншілерге сатып, алыс-беріс жасау арқылы бір-бірінің мәдениетінің дамуына әсер еткендігін көреміз.

Біздің дәуірімізге дейінгі он мың жылдықтың арғы жағында солтүстіктегі Еуропа мен Азияның көп бөлігі әлі де мұз құрсауында жатқан көрінеді. Ондай суық климатта адамзат баласының өмір сүру мүмкіншілігі шектеулі болған. Жер бетінде болған осындай мұз басу

*ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ӘДЕБИЕТІНДЕ ЛАҚАП ЕСІМДЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ БЕРІЛУ СИПАТЫ*

дәуірінде адамдар оңтүстік аймақтарға қарай қоныстануы табиғи құбылыс. Кезінде солтүстікті мекендеген арий тайпаларының оңтүстікке қарай жылжуы да соның айғағы.

Қатаң климат салдарынан бір кездері солтүстіктегі мұз басу дәуірінен ығысқан арий, сармат, дай секілді тайпалардың да белгілі бір дәрежеде әсері болғандығы байқалады. Арий, сақ тайпаларының діни наным-сенімдері оңтүстіктегі парсы, үнді халықтарымен араласып, ассимиляциялану барысында кейінгі зороастризм, ригведа секілді діндерде орын алған дәу, дию секілді персонаждармен толыққаны байқалады. Фирдоусидің «Шахнама» дастанындағы «Систан аңыздары» деп аталатын алғашқы тарауының желісі де сақ тайпаларының наным-сенімдеріне құрылған болатын.

Уақыт өте келе солтүстіктегі мұздықтардың ери бастауы мен климаттың жылына бастауы кезеңінен бастап оңтүстікке тығыз орналасқан түрлі тайпалар қайтадан Еуропа мен солтүстік аймақтарға қарай қоныс аудару кезеңі басталған. Бұл дәуірді «Халықтардың Ұлы көші» (Великие переселения народов) деп аталған. Көптеген халықтардың ертегілерінде бір үйдегі үш баланың ағалары кішісін үйге қалдырып өздері жайлы қоныс не ыңғайлы жұмыс, үйленуге қыз іздеп т.б. жолға шығады. Олар сол жақта байдың не патшаның қызына үйленіп, өзге жұртта қалып қояды. Мұны фольклорда менораттан майоратқа өту деп атайды. Мифтің поэтикасын зерттеген Е.Мелитинский былай дейді: «Точно так же разложение первобытной родо-племенной системы и доминирование семьи над родом привели к отказу от минората, т. е. наследования имущества младшим сыном после того, как старшие уже стали на ноги, что как бы отвечаю социальной справедливости. Переход от минората к майорату делал младшего сына обездоленным. Таким образом; мотив изведения пересекается с мотивом социально-обездоленного» (Мелитинский, 1994: 67). Бұл өзгерістер көбіне ертегіде ағаларын жағымсыз бейнеде көрсетуге көшкен. Ертегіде үлкен ағалары кіші інісіне соңында қастандық ұйымдастырып жүреді. Шамасы келмейтінін білген соң қулық арқылы оны өлтіреді не қиянат жасайды.

### **Қорытынды**

Геродот жазбаларында да скифтер де парсылар да өздерінің үлкен құдайын Зевс деп атайтындығын айтады, демек сол тұста Зевс көптеген халықтардың ұғымында болған. Дәу, дию, девс, зевс секілді құдай атаулары Еуропа мен Азия халықтарының көбінде ұшырасып отырады. Зороастризм діні келген соң өзіне дейінгі өмір сүрген бұл құдайларға ашық қарсы шығады. Дарий патша өз кезегінде Зевске табынбаған, ол

тікелей Ахура Мазданы үлкен құдай ретінде танып, соны мемлекеттік дінге дейін көтеру жолында күрескен адамның бірі әрі Зевске, диюге табынғандарға қарсы күрескен патша болған. Ұлы Даланы мекендеген түркі-моңғол халықтарының мифі мен ертегілерінде ұшырасатын көлдің иесі, орман мен даланың иесі болып келетін жалғыз көзді дәу ұғымдары да уақыт өте келе әлемдік діндердің орнығуы себепті қаһарманмен соғыста жеңілетін зұлымдық күш иесіне айналып кеткен. Ислам діні орныққан соң бұл персонаждар өз қасиетінен айырылып қалады, «Тазша бала», «Қаңбақ шал» секілді салт ертегілерінде өз айналысына жүгінген әлжуаз шал мен айналысы бала күлкіге айналған ақылсыз дәуді оп-оңай алдап соғып жүреді. Қалай болғанда да түркі халықтары сонау бағзы замандардан бастап Таяу Шығыстағы көршілерімен етене жақын қарым-қатынаста болғандығын байқаймыз. Рухани байланыс әр уақытта да жалғасын тауып келеді, бұл байланыстар әлі күнге шейін үзілген емес.

## Әдебиеттер

- Бабалар сөзі.* (2011). Жүз томдық. 76-том. Новеллалық ертегілер. Астана. Фолиант.
- Геродот. (2004). *История* /Пер. с греч. и комм. Г.А.Стратановского. Вступ. статья И.Е.Сурикова. –М.: ОЛМА-ПРЕСС. Инвест, –640с.
- Гумилев, Л.Н. (1993). *Тысячелетие вокруг Каспия*. Москва: Мишель и К.
- Ежелгі дүниедегі және византиялық дереккөздеріндегі Ұлы Дала тарихы:* / (Құр. Гаркавец, А.Н.) (2007). 1 том. Астана. Фолиант.
- Қабышұлы И. (2007). *Тұран әлемі. Түркі-моңғол халықтарының тарихы*. Алматы. Санат.
- Қасқабасов С.А. (1984). *Қазақтың халық прозасы*. –Алматы: Ғылым, –272 б.
- Мелетинский Е. М. (1994). *О литературных архетипах* Москва. Российский государственный гуманитарный университет.
- Садырбайұлы С. (1996). Фольклор және Жамбыл (Оқу құралы). Көпшілік оқырман қауымға арналған. –Алматы. «Ана тілі». –240 б.
- Страбон (1964). *География в 17 книгах*. Москва. Наука.
- Сулейменов О. (1989). *Эссе, публицистика. Стихи, поэмы. Аз и Я*. Алма-Ата: Жалын.
- Таджикские народные сказки.* (1957). Таджикское государственное издательство. Сталинабад.
- Фольклор поэтическая система.* (1977). Отв. Редакторы: А.И. Баландин, В.М.Гацак. М., Наука.

## References

- Babalar sózi.* (2011). Júz tomдық. 76-tom. Novellalyq ertegiler. Astana. Foliant.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ӘДЕБИЕТİNДЕ ЛАҚАП ЕСІМДЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ БЕРІЛУ СИПАТЫ

- Gerodot. (2004). *Istoria* /Per. s grech. 1 komm. G.A.Stratanovskogo. Vstýp. statia I.E.Sýrikova. –M.: OLMA-PRESS. Invest, –640s.
- Gýmilev, L.N. (1993). *Tysyachelette vokryg Kaspia*. Moskva: Mishel 1 K.
- Ejelgi dúmedegi jáne vizantualyq derekkózderindegi Uly Dala tarhy: 1* (Qur. Garkovets, A.N.) (2007). 1 tom. Astana. Foliant.
- Qabyshuly I. (2007). *Turan álemi. Túrki-mońgol halyqtarynyń tarhy*. Almaty. Sanat.
- Qasqabasov S.A. (1984). *Qazaqnyń halyq prozasy*. –Almaty: Gylym, –272 b.
- Meletinskii E. M. (1994). *O literatýrnyh arhetupah Moskva*. Rossiiskii gosýdarstvennyi gymanitarnyi ýniversitet.
- Sadyrbauuly S. (1996). *Folklor jáne Jambyl* (Oqý quraly). Kópshilik oqyrman qaýymǵa arnalǵan. –Almaty. «Ana tili». –240 b.
- Strabon (1964). *Geografua v 17 knigah*. Moskva. Naýka.
- Sýleimenov O. (1989). *Esse, pýblitsistka. Stuhi, poemu. Az 1 Ia*. Alma-Ata: Jalyn.
- Tadjikskie narodnye skazki*. (1957). Tadjikskoe gosýdarstvennoe izdatelstvo. Stalinabad.
- Folklor poeticheskaja sistema*. (1977). Otv. Redaktory: A.I. Balandin, V.M.Gatsak. M., Naýka.

## Öz

Makalede Aryanlar, Sakalar, Massaget ve Hazarlar gibi eski çağlarda varlığını sürdüren göçebe kabilelerin yaşam biçimlerine, ritüellerine ve dini düşüncelerine odaklanılarak, bu kabilelerden kaynaklanan bazı efsanelerin ve masalların kökenleri incelenmektedir. Aynı zamanda, Tacik, Fars ve Kazak masallarında korunan motiflerin, tarihsel olayların ve çeşitli ritüellerin özellikleri detaylı bir şekilde ele alınmakta ve bu tür masalarda yer alan eski hikayelerin ve olayların bilimsel temellendirmesi sunulmaktadır. Bunların dışında birçok benzer karakterin ortaya çıkışında yatan gizli nedenleri açıklamak amacıyla, kuzeydeki göçebe kabileler ile yerleşik güney halkları arasındaki yakın etkileşim, ilişkiler ve farklı halkların mitolojik kavramlarının ve dinî düşüncelerinin çeşitli süreçler ve olaylar sonucunda ortaya çıkan karışımı analiz edilmektedir. Araştırma sürecinde, antik dönemin Yunan bilim insanlarının ve Doğu araştırmaları konusunda uzmanlaşmış akademisyenlerin eserlerine dayanmış ve ayrıca dil tarihi alanında çalışan yabancı bilim insanlarının yapıtlarını incelemiştir. Folklorun içinde yer aldığı mitolojik kavramların kökenini belirlemek amacıyla, teoloji, tarih, antropoloji gibi beşeri bilimlerde kullanılan tarihçilik ve ulusal bilişsel mantıkla ilgili araştırma yöntemlerini kullanmıştır.

**Anahtar kelimeler:** Hazar Denizi, sakalar, iskitler, Darius, Herodot, Strabon, Peri masalı, mit, zerdüşçülük

**(Bakyt ABZHET. Massaget, Hazar Kavimlerinin Ritüel Törenleri ve Bunların Hikaye, Masallara Yansımaları)**

## Аннотация

В своей статье автор акцентирует внимание на образе жизни, обрядах, и религиозных представлениях живших в древние времена кочевых племен, таких как арии, саки, массагеты, каспии, а также на причинах возникновения основанных на них некоторых легенд и сказок. Дано научное обоснование сохранившихся в таджикских, персидских и казахских сказках мотивов, исторических событий и особенностей различных обрядов, некоторых древних сюжетов и событий, отраженных в таком жанре, как сказки. Далее, рассматриваются скрытые причины возникновения множества схожих персонажей вследствие тесного взаимодействия кочевых северных племен и оседлых южных народов, их взаимосвязей, смешения мифических концепций и религиозных представлений разных народов, порожденных различными процессами и событиями. В ходе исследования за основу были взяты труды греческих учёных античной эпохи и ориенталистов, проводивших специальные исследования в области востоковедения, а также осуществлялся анализ работ зарубежных учёных, связанных с историей языка. При определении происхождения мифических концепций в фольклоре использовались методы исследования, связанные с историчностью, национальной когнитивной логикой, которые применяются в таких гуманитарных направлениях, как теология, история, фольклор, антропология.

**Ключевые слова:** Каспий, саки, скифы, Дарий, Геродот, Страбон, сказка, миф, зороастризм

**(Бақыт ӘБЖЕТ. Ритуальные обряды массагетов, прикаспийских племен и их сюжеты превратившиеся в сказки)**

---

**Yazar Katkı Oranı (Author Contributions):** Bakyt Abzhet (%100)

**Yazarların Etik Sorumlulukları (Ethical Responsibilities of Authors):** Bu çalışma bilimsel araştırma ve yayın etiği kurallarına uygun olarak hazırlanmıştır.

**Çıkar Çatışması (Conflicts of Interest):** Çalışmadan kaynaklı çıkar çatışması bulunmamaktadır.

**İntihal Denetimi (Plagiarism Checking):** Bu çalışma intihal tarama programı kullanılarak intihal taramasından geçirilmiştir.

---